

А.Қ. Есім\*, PhD докторанты<sup>1</sup>

Р. Шохан, э.ғ.к., қауым.профессор<sup>1</sup>

Қ.Б. Тукибаева, PhD, доцент м.а.<sup>1</sup>

Д.Д. Есимова, п.ғ.к., қауым.профессор<sup>2</sup>

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Астана қ., Қазақстан<sup>1</sup>

Торайғыров университеті, Павлодар қ., Қазақстан<sup>2</sup>

\*- негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)

e-mail: ayana\_esimova99@mail.ru

## ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНДА ТУРИЗМДІ ДАМУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Мақалада қазіргі жағдайдағы Павлодар облысының туризм саласын дамытудың мүмкіндіктері талданып, саланы одан әрі дамытудың болашағы бағаланды. Туризм секторы – мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық жағынан қарағанда жоғары маңыздылыққа ие салаларының бірі болып табылады.

Бүгінгі таңда туризм индустриясы дамыған және дамушы елдер экономикасында маңызды орынға ие болып отыр. Себебі қазіргі кездегі экономиканы әртараптандырудың талаптарына сәйкес мемлекеттің экономикалық өсімін қамтамасыз етуде қызмет көрсету нарығын дамытуға басымдық беріліп отыр. Қазақстан Республикасында туризм саласын дамыту үшін қажетті туристік-рекреациялық ресурстардың болуы, мемлекет тарапынан аталмыш саланы дамытуға басымдық беруі, туристердің жергілікті жерлерге қызығушылықтарының артуы туризм саласының маңыздылығын көрсетіп отыр. Туризм саласының дамуы жұмыспен қамту, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, жаңа жұмыс орындарын құру мен қосымша табыс көзін қалыптастыруға әсер етеді.

Мақалада Павлодар облысындағы туризм саласы индикаторлары ішкі және келу туризмінің көрсеткіштері, Баянауыл курорттық аумағында туризмнің даму көрсеткіштері, қонақ үй кәсіпорындарының көрсеткіштері, спорт және демалысты ұйымдастыру бойынша қызметтер көрсеткіштерінің өзгеріс қарқыны талданып, тұжырымдар жасалған. Өңірде туристік қызметті ұйымдастыруға және дамытуға мүмкіндік беретін физикалық-географиялық, әлеуметтік-экономикалық және мәдени-тарихи факторлардың жиыны қарастырылған. Мақалада библиографиялық әдістің көмегімен отандық және шетелдік авторлардың еңбектеріне шолу жасалынып, салыстырмалы талдау, экономикалық-статистикалық талдау әдістері, жалпылау әдісі қолданылды.

Сонымен қатар, туризм саласын дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында көрсетілген басым болатын туристік бағыттарды Павлодар облысында дамытудың мүмкіндіктері ұсынылған.

**Кілт сөздер:** туризм, сала, экономика, туристік ресурстар, фактор, аумақ, туристік дестинация.

**Ключевые слова:** туризм, отрасль, экономика, туристские ресурсы, фактор, территория, туристская дестинация.

**Keywords:** tourism, sector, economy, tourist resources, factor, territory, tourist destination.

**JEL classification:** O1, O2, O21, P11, P21

**Кіріспе.** Туризм саласы – бұл экономиканың ең ірі ғана емес, қарқынды даму деңгейіне ие болып отырған сала, оның өсу қарқыны экономиканың басқа да салаларынан екі есеге жоғары. Туризм саласын инвестициялық салымдардың тиімділігі бойынша мұнай өндіру саласымен салыстыруға болады. Туризм саласының әлемдегі өсу қарқыны пандемияға дейін жоғары болды. Бірқатар әлем елдерінде туризм жұмыс орындарын ұйымдастыру, қызметті экспорттау және инфрақұрылымды дамыту арқылы елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының жетекші күшіне айналып отыр.

Бүгінгі таңда туризм индустриясы дамыған және дамушы елдер экономикасында маңызды орынға ие болып отыр. Себебі қазіргі кездегі экономиканы әртараптандырудың талаптарына сәйкес мемлекеттің экономикалық өсімін қамтамасыз етуде қызмет көрсету нарығын дамытуға басымдық беріліп отыр. Қазақстан Республикасында туризм саласын қалыптастырудың және дамытудың оңтайлы тетіктерін ұйымдастырудың алғышарттары анықталған. Өлемдік экономикалық кеңістіктің артуы жағдайындағы Қазақстанның туризм саласын тиімді ұйымдастыру мен

дамытудың әлеуетті бағыттарын анықтау қажеттілігі туындауда. Мемлекетте туризм саласын дамытуға мүмкіндік беретін табиғи-туристік және рекреациялық әлеует бар.

*Мақаланың мақсаты.* Павлодар облысындағы туризмнің дамуына талдау жүргізе отырып, Павлодар облысында туризм дамуының қазіргі жай-күйін сипаттау және туризмді дамытудың мүмкіндіктерін айқындау болып табылады.

*Мақаланың міндеті.* Павлодар облысының жоғарыда аталған факторларын зерттеу арқылы жергілікті жердегі туризм бағытын дамытудың мүмкіндіктерін анықтау болып табылады.

*Зерттеу әдістері:* библиографиялық әдістің көмегімен отандық және шетелдік авторлардың еңбектеріне шолу жасалынды. Сонымен қатар, салыстырмалы талдау, экономикалық-статистикалық талдау әдістері, жалпылау әдісі қолданылды. Графикалық әдістің көмегімен сандық көрсеткіштер өңделді.

Қазақстан Республикасы стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі, Ұлттық статистика бюросының статистикалық көрсеткіштері бастапқы дерек көзі ретінде қолданылды.

**Әдебиеттік шолу:** соңғы уақытта көптеген мемлекеттер туризмнің дамуына көп көңіл бөлуде. UNWTO мәліметтеріне жүгінетін болсақ, есептік жылдың алғашқы үш айында әлем бойынша 235 миллион турист саяхаттаған, бұл көрсеткіш 2022 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда екі еседен артық. Халықаралық туристік келу көрсеткіші 2023 жылдың бірінші тоқсанында пандемияға дейінгі деңгейдің 80 %-на жетті [1]. Халықаралық туризм 2023 жылдың бірінші тоқсанында өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 86 %-ға өсті, есептік жылдың басынан бері тұрақты өсімді көрсетіп отыр.

Туризмнің тиімді дамуына әсер ететін факторларды төмендегідей жіктеуге болады [2]: туристік-рекреациялық ресурстардың болуы, мәдени -тарихи көрікті жерлер, дамыған туристік инфрақұрылымның болуы, жарнама және әлемдік нарықта туризмді белсенді жылжыту әдістері, инвестицияның қысқа мерзімдегі қайтарымдылығы мен жоғары пайдалылық.

Туризм саласының дамуына әсер ететін факторларды айқындау саланың қазіргі даму жағдайын талдауға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасындағы туризмді дамытудың басым бағыттарының бірі ретінде қонақжайлылық индустриясын дамытудың маңыздылығы Досалиев және т.б [3] зерттеулерінде атап өтілген. Осы саясаттың келешегін анықтау үшін республикада туризмді дамытуды мемлекеттік қолдау шараларына кезеңді түрде талдау жүргізіліп отырады [4], сондай – ақ туризмді дамытудың тиімділігін бағалау туризм саласындағы аймақтық саясат [5]. Интегралды маркетинг әдістерін қолдану негізінде тұрақты туризмнің тұжырымдамалық тәсілдер әзірленуде [6]. Ғалымдар туризмді елдің әлеуметтік – мәдени дамуының драйвері ретінде қарастырады [7]. Туризм саласының мәселелерін қарастырған ғалымдар, аталмыш саланың маңыздылығымен қатар, экономиканы қозғаушы тетіктердің бірі ретіндегі рөліне назар аударған. Бұл осы саланың аспектілерін зерттеудің қажеттілігін көрсетуде.

**Негізгі бөлім.** Табысты 2023 жылдан кейін халықаралық туризм 2024 жылы пандемияға дейінгі деңгейге қайта оралды.

UNWTO-ның биылғы бірінші дүниежүзілік туристік барометріне сәйкес, халықаралық туризм 2023 жылы пандемияға дейінгі деңгейдің 88 % деңгейінде UNWTO-ның соңғы мәліметтері де қалпына келтірудің экономикалық әсерін көрсетеді.

2023 жылы халықаралық туризмнен түсетін табыс 1,4 триллион долларға жетті, бұл 2022 жылы дестинациялар тапқан 1,5 триллион доллардан 93 пайызға көп.

Туризм экспортының жалпы кірісі (жолаушылар көлігін қосқанда) 2023 жылы 1,6 триллион АҚШ долларына бағаланды, бұл 2022 жылы тіркелген 1,7 триллион АҚШ долларының 95 %-ға жуығы.

Тікелей туризмнің жалпы ішкі өнімімен өлшенетін туризмнің экономикалық үлесін алдын ала бағалау 2023 жылы 3,3 триллион АҚШ долларын немесе әлемдік ЖІӨ-нің 3 % құрайды. Бұл күшті ішкі және халықаралық туризмнен туындаған пандемия алдындағы қалпына келтіруді көрсетеді.

Туризм саласына әсер ететін факторларды үш топқа топтастыруға болады. Олар: физикалық-географиялық факторлар; әлеуметтік-экономикалық факторлар және мәдени-тарихи факторлар. Осы топтастыруларға сәйкес Павлодар облысында туризмнің дамуының қазіргі жай - күйін сипаттап көрейік.

*Физикалық-географиялық фактор.* Павлодар облысы-республиканың солтүстік-шығысында орналасқан ірі өнеркәсіп орталығы. Аумақтың рельефі негізінен жазық. Облыс Ресей


Федерациясының бірнеше елді мекендерімен (солтүстігінде Омск облысымен; солтүстік-шығысында Новосибирск, шығысында Алтай өлкесімен) сонымен қатар республиканың Шығыс-Қазақстан, Қарағанды (оңтүстігінде); Ақмола және Солтүстік Қазақстан (батысында) облыстарымен шекаралас. Облыстың аумағы 124,8 мың шаршы метрді құрайды. Облыс аумағының оңтүстік-батыс бөлігін Сарыарқаның шағын шоқылары мен Баянауыл, Ақбет, Қызылтау, Желтау сынды таулар алып жатыр. Ертіс алқабында сулы шалғындар бар. Баянауыл тауларында қарағайлы орман мен көлдер тізбегі (Жасыбай, Торайғыр, Сабындыкөл) кездеседі. Баянауыл ұлттық табиғи паркі ұйымдастырылған [9]. Республика аумағының туристік -рекреациялық әлеуетін анықтайтын «Туристендіру картасында» Баянауыл курорттық аймағы- республикалық деңгейдегі туристік дестинациялардың тізіміне енгізілген [10].

Облыс аумағында республикалық және халықаралық маңызы бар мемлекеттік табиғи - қорық қорының геологиялық, геоморфологиялық және гидрологиялық объектілері орналасқан. Олар ерекше экологиялық, ғылыми және мәдени құндылықтар нысаны әрі ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға жатқызылады. Республикалық маңызы бар нысандарға: Драверт үңгірі, Құмыра үңгірі, Әулие үңгірі, Қоңырәулие үңгірі, Әулиебұлақ бұлағы, Телебұлақ бұлағы, Айманбұлақ шатқалы, Тас ғажайыптар шатқалы, Рахай шатқалы, Үшсала шатқалы жатады.

Туристік дестинация орналасқан табиғи орта, туристердің демалыс орындарын таңдауға әсер ететін маңызды фактор. Туристер географиялық- климаттық ерекшеліктерге байланысты туристік қызметтің түрін (белсенді, енжар туризм түрлерін) таңдауды, баратын туристік дестинацияны анықтауды, маусымдық өзгерістердің жағдайын бақылауды, демалыс маусымын анықтауды жүзеге асырады. Табиғаттың ерекшелігі мен туристік дестинация орналасқан жердегі табиғи ескерткіштердің болуы туристік қызметке сұранысты қалыптастыратын факторлардың құрамына кіреді. Сонымен, физикалық-географиялық ресурстар қолайлы туристік қызметке сұранысты туғызып ғана қоймай, туристік дестинацияға туристердің келу жиілігін арттыруға мүмкіндік туғызады.

*Әлеуметтік-экономикалық факторлар.* Туристік саланың дамуына әлеуметтік-экономикалық факторлардың ықпалы бірқатар жағдайлармен анықталады. Біріншіден, туристердің туристік дестинацияны таңдауына әсер етеді. Екіншіден, қызмет көрсету саласының, қонақжайлылық пен қонақ үй бизнесінің дамуына негіз болады. Үшіншіден, сала инфрақұрылымына инвестициялық салымдарды тартуға әсер етеді. Төртіншіден, жұмыс орындарының ұйымдастырылуы мен жұмысбастылық мәселелеріне ықпал етеді.

Павлодар облысы бойынша туризм саласының қазіргі жағдайына статистикалық мәліметтер негізінде талдау жасайтын болсақ (сурет 1).



Сурет 1 – Павлодар облысы бойынша туристік ағындардың өзгерісі, (2019-2023 жж, адам)\*

\* [12] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

Статистикалық көрсеткіштерге сәйкес ішкі туризм ағыны бойынша орналастыру орындарымен қызмет көрсетілген келушілердің саны 2023 жылы 2019 жылмен салыстырғанда 29,1 пайызға өсіп, 180731 адамға қызмет көрсетілген. Ал, кіру туризмі ағымы бойынша резидент емес келушілердің қарқыны 2023 жылы 2019 жылға қарағанда 3,9 пайызға жоғарылап, 10981 адамға жеткен. 2023 жылғы көрсеткіштердің өзгерісі бойынша туристік қызметтерді тұтытудағы Павлодар облысының республикадағы үлесі ішкі туризмде 2,8 пайызды, кіру туризмінде 1,3 %-ды құрайды.

Туристік дестинация ретінде талдау жасалып отырған Павлодар облысында республикалық деңгейдегі туристендіру картасына енген Баянауыл ұлттық табиғи паркі шеңберінде, Баянауыл курорттық аймағының қызметі ұйымдастырылған. Аталмыш курорттық зонадағы туристік саланың дамуы мен қазіргі жағдайына сандық көрсеткіштер арқылы бағалау жүргізетін болсақ, келесідей көрсеткіштерді аламыз (кесте 1).

Кесте 1 –

**Баянауыл курорттық аумағында туризмнің даму индикаторлары\***

Көрсеткіш	2019ж	2020ж	2021ж	2022ж	2023ж	Осу қарқыны 2019-2023 жж, %	Өзгеруі, 2019-2023жж., (+өсу, - төмендеу)
Кіру және ішкі келушілер саны, адам Оның ішінде:	177789	13977	91636	190574	218968	123,2	41179
Орналастыру орындарында тоқтағандар	47655	8053	35436	73835	81245	170,5	33590
Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға барғандар	130134	5924	56200	116739	120134	92,3	-10000
«Өздігінен ұйымдастырылған» кіру және ішкі келушілер саны	19854	13448	17428	15023	16756	84,4	-3098

\* [12] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

Баянауыл курорттық дестинациясы бойынша кіру және ішкі келушілер саны 2019-2023 жылдар аралығында 123,2 пайызға өскен немесе 41179 адамға артқан. Курорттық аумақтағы қонақ үй кәсіпорындарының қызметін тұтынушылар саны 170,5 пайызға немесе 33590 адам өскен. Ал, ерекше қорғалатын табиғи аумақта ұйымдастырылған туристік қызметті тұтынушылар керісінше азайған. Туризмнің «өздігінен ұйымдастырылған» типі бойынша дестинацияның қызметін тұтынушылардың саны 65,5 пайызға немесе 5946 адамға артқан.

Курорт аумағында 54 демалыс үйінің қызметі ұйымдастырылған. Өңірдің туристік инфрақұрылымын дамыту бойынша Баянауыл және Торайғыр ауылдары абаттандырылған, жол тораптарына жөндеу жұмыстары жүргізілген, Сабындыкөл, Торайғыр және Жасыбай көлдерінде жағажайлар абаттандырылған, жарықтандыру және бейнебақылау жүргізу жүйелері орнатылған [11].

Талдауға алынған жылдар ішінде Баянауыл курорттық өңірінің туристік-рекреациялық әлеуетін туризм мақсатында қолдану қарқыны өскен.

Өңірдегі қонақжайлылық индустриясының дамуы мен қонақ үй кәсіпорындарының қызметін ұйымдастыруда да оң өзгерістер байқалады (кесте 2).


**Қонақ үй кәсіпорындарының қызметі туралы көрсеткіштер\***

Мекен	2019ж	2020ж	2021ж	2022ж	2023ж
<b>Орналастыру орындарының саны, бірлік</b>					
ҚР	3322	3592	3514	3686	3965
Павлодар	97	112	114	111	134
<b>Орналастыру орындарында қызмет көрсетілген келушілердің саны, адам</b>					
ҚР	5526864	6266563	3581340	5474971	7335162
Павлодар	150537	163450	71763	137039	191712
<b>Қонақ үйлердің толтырылымдылығы (төсек-тәулік), %</b>					
ҚР	23,2	23,7	17,3	22,0	24,8
Павлодар	29,6	26,5	12,8	19,5	23,1
<b>Орналастыру орындары көрсеткен қызметтер көлемі, мың теңге</b>					
ҚР	103948256,9	120527162,1	66860328,5	109027262,7	182865265,7
Павлодар	1138760,3	1248953,5	1344993,3	2 369 328,3	3574006,6

\* [12] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

Мәселен, 2-кестедегі статистикалық көрсеткіштерге сәйкес республика аумағында 2023 жылы 3965 бірлік қонақ үй кәсіпорны жұмыс істеген болса, оның 3,4 % пайызы немесе 134 бірлігі Павлодар облысының аумағында тіркелген. Орналастыру орындарының қызметін 191712 адам пайдаланған. Өңірдегі қонақ үй кәсіпорындарының номерлік қорының толтырылымдылығы орташа есеппен 23,1 %. Бұл жалпы қонақ үй кәсіпорындарының қуаттылығы толық қолданылмайтындығын көрсетіп отыр. Қонақжайлылық саласы кәсіпорындарының көрсеткен қызметтер көлемі 3574006,6 мың теңгені құрады. 2019-2023 жылдар аралығында орналастыру орындары көрсеткен қызметтер көлемі 3,1 есеге өскен.

Павлодар облысы бойынша демалысты ұйымдастыру бағытында көрсетілген қызметтердің көлемі 2019 жылмен салыстырғанда 2023 жылы 82,3 пайызға жоғарылаған (сурет 2).



Сурет 2 – Павлодар облысы бойынша спорт және демалысты ұйымдастыру бойынша қызметтердің көлемі, млн. теңге\*

\* [12] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

2019 жылы спорт, анимация және демалыс саласында жұмыс істейтін кәсіпорындар жалпы көлемі 7989 млн. теңгенің қызметін көрсетсе, бұл көрсеткіш 2020 жылы 6,9 %-ға, 2020 жылы 46,2 %-ға жоғарылап, 2022 жылы 2021 жылмен салыстырғанда -17,3 %-ға төмендеп, ал 2023 жылы 2022 жылмен салыстырғанда 40,9 %-ға өскен. Демалыс саласында жұмыс істейтін кәсіпорындардың қызметіне сұраныс тұрақты деңгейде сақталып отырғанын көрсетеді.

Туризм саласының қалыпты жұмыс істеуі инвестициялық салымдардың көлеміне тікелей байланысты. Себебі, қызмет көрсету саласын ұйымдастыру қажетті инфрақұрылым объектілерінің болуын талап етеді. 2023 жылдың 9 айында туризм саласына тартылған инвестиция көлемі 404,8 млрд теңге болса, өсім 44 % -ды құраған. Ал, инвестицияны тарту бойынша өңірлер бөлінісіне талдау жасайтын болсақ, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Ақтөбе және Алматы облыстары жетекші өңірлер қатарына еніп отыр [13].

Павлодар облысы аумағындағы туристік саланың дамуын әлеуметтік-экономикалық факторлар тобына кіретін көрсеткіштер негізінде жасаған талдау нәтижелері талдауға алынған жылдар ішінде өңірлік туризмнің дамуы қарқыны қалыпты екенін көрсетіп отыр.

*Мәдени-тарихи факторлар.* Павлодар облысы- заманауи өнеркәсіптік және мәдени өңір, мұнда туристік ресурс ретінде санауға болатын мәдени, тарихи және сәулет өнері ескерткіштері мен қатар саябақтар, мұражайлар, мәдени іс-шаралар ұйымдастырылатын орталықтар қызметі ұйымдастырылған. Сібір «көпестер» стиліндегі ескі үйлер; Мәшһүр Жүсіп атындағы мешіт, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының кесенесі, Благовещенск соборы, Қоңыр Әулие үңгірі, Жасыбай батыр қабірі, Исабек ишан кесенелер кешені, Әуликөл сәулет кешені, Баянауыл ауданындағы Ақкелін тарихи-мемориалдық кешені және Павлодар қаласындағы Сұлтанбет сұлтанның ордасы тәрізді туристік объектілер бар [13]. Аталмыш объектілердің негізінде өңірде туризм түрлерін атап айтқанда танымдық туризмді, мәдени туризмді, және қала туризмін ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Павлодар облысында туризмді дамыту орталығы ретінде танылып отырған «Баянауыл» курорттық аумағына 2030 жылдарға қарай келетін туристердің саны 460 мыңға дейін, туристік саланың табысы 16 млрд теңгеге дейін өседі деген болжам жасалған [14]. Курорттық аумақтың туристік-рекреациялық әлеуеті эко-мәдени туризмді, шытырман оқиғалы – спорттық демалысты және жағажай демалысын дамытуға бағытталмақ.

Туризм - көптеген мемлекеттер үшін экономикалық құраушы ғана емес, әлеуметтік-экономикалық маңызға ие салалардың бірі болып отыр. Аталмыш саланың дамуы бірқатар қызмет көрсету салаларының да дамуына негіз болады. Атап айтсақ, тамақтандыру саласы, тасымалдау саласы, қонақ үй саласы, сауда және бөлшек сауда жүйесі, байланыс саласы, қаржы саласы, тамақ өнеркәсібі, құрылыс және т.б. экономика салаларының жанама дамуына мүмкіндік береді. Сондықтан, экономиканы әртарапандыру саясатын жүзеге асырып жатқан қазіргі уақытта туризм және қонақжайлылық саласын дамытуға назар аударылу керек. Бұл жергілікті жерлердегі жұмысбастылықты арттыруға, шағын және орта бизнес қызметін жандандыруға, жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік туғызады [15].

**Қорытынды.** Қазақстан Республикасында туризм саласын дамытудың 2023- 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы дайындалып, қабылданғаны белгілі. Осы құжатқа сәйкес республикада экологиялық туризм, агротуризм, этнографиялық туризм және қолөнер, кемпингтік туризм және автокеруен, балалар-жасөспірімдер туризмі, емдеу-сауықтыру және медициналық туризм түрлерін дамытуға басымдық беріліп отыр. Осы орайда, талдауға негіз болып отырған Павлодар облысында оның ішінде негізгі туристік дестинация ретінде танылып отырған Баянауыл курорттық аумағында тұжырымдама да басымдық берілген туризм түрлерінің ішінен агротуризмді, экологиялық туризмді, кемпингтік туризмді, этнографиялық туризмді дамытуға мүмкіндік бар. Оны жоғарыдағы талдаулар көрсетіп отыр.

Павлодар облысында ішкі туризм ағыны бойынша орналастыру орындарымен қызмет көрсетілген келушілердің саны 2023 - 2019 жылдар аралығында артуы өңірдегі туристік инфрақұрылымның дамуын көрсетеді, мысалы, Баянауыл және Торайғыр ауылдары абаттандырылып, жол тораптарына жөндеу жұмыстары жүргізілген, Сабындыкөл, Торайғыр және Жасыбай көлдерінде жағажайлар абаттандырылған, жарықтандыру және бейнебақылау жүргізу жүйелері орнатылған. Талдауға алынған жылдар ішінде Баянауыл курорттық өңірінің туристік-рекреациялық әлеуетін туризм мақсатында қолдану қарқыны өскен.

Өңірдегі қонақ үй кәсіпорындарының номерлік қорының толтырымдылығы орта деңгейде. Бұл Павлодар өңіріндегі жалпы қонақ үй кәсіпорындарының қуаттылығы толық қолданылмайтындығын көрсетіп отыр.

Павлодар облысы бойынша демалысты ұйымдастыру бағытында көрсетілген қызметтердің көлемі 2019 жылмен салыстырғанда 2023 жылы жоғарылаған. Бұл демалыс саласында жұмыс істейтін кәсіпорындардың қызметіне сұраныс тұрақты деңгейде сақталып отырғанын көрсетеді.

Туризм саласының қалыпты жұмыс істеуі инвестициялық салымдардың көлеміне тікелей байланысты. Себебі, қызмет көрсету саласын ұйымдастыру қажетті инфрақұрылым объектілерінің болуын талап етеді. Павлодар өңірінде 2023 жылдың 9 айында туризм саласына тартылған инвестиция көлемі 404,8 млрд теңге болса, өсім 44 % -ды құраған.

Дегенмен, өңірде туризмді ұйымдастыруға мүмкіндік беретін туристік-рекреациялық ресурстардың болуына қарамастан, салада қалыптасып отырған мәселелер бар. Олар: туристік өнімнің сапасы мен қызмет асортиментінің тарлығы, саланы сандық жүйеге көшірудің жеткіліксіз деңгейі; туристік дестинациядағы инфрақұрылымның жеткіліксіз дамуы, тасымалдау саласының қолжетімді дамуының әлсіздігі, орналастыру орындарының жеткіліксіздігі және салада жұмыс істейтін мамандардың жетіспеушілігі немесе жеткілікті білім деңгейін игермеуі болып табылады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1 UNWTO World Tourism Barometer and Statistical Annex – 2023. – URL: <https://www.e-unwto.org/doi/abs/10.18111/wtobarometereng.2023.21.1.2?role=tab&journalCode=wtobarometereng>

2 Кутяшова Е.В. Факторы, влияющие на высокие темпы развития туризма: сборник статей международного профессионально-исследовательского конкурса // Экономист года. – 2020. – С.175–184.

3 Досалиев У.К., Уразбаева Г.Ж., Абишова А.У., Утемисова Г.Т. Развитие индустрии гостеприимства как одного из приоритетных направлений развития туризма в Республике Казахстан // Экономика Центральной Азии. – 2017. – Том 1. – № 2. – С. 91-100. – doi: 10.18334/asia.1.2.38228.

4 Петренко Е.С., Даулетова А.М., Мажитова С.К., Шабалтина Л.В. Анализ мер государственной поддержки по развитию туризма в Республике Казахстан // Экономические отношения. – 2019. – Том 9. – № 4. – С. 2677-2692. – doi: 10.18334/eo.9.4.41427.

5 Яковчук А.А. Оценка эффективности региональной политики в сфере туризма // Экономические отношения. – 2019. – Том 9. – № 4. – С. 3103-3114. – doi: 10.18334/eo.9.4.41232.

6 Дагман С. Концептуальные подходы к устойчивому туризму на основе использования интегральных методов маркетинга // Экономические отношения. – 2019. – Том 9. – № 4. – С. 3115-3128. – doi: 10.18334/eo.9.4.41297.

7 Кузнецова О.П., Косьмин А.Д., Кузьменко А.А., Кузнецов В.В., Кузнецова С.В., Самохвалова О.М. Туризм как драйвер социально-экономического и социокультурного развития страны // Экономические отношения. – 2019. – Том 9. – № 3. – С. 2165–2178. – doi: 10.18334/eo.9.3.40705.

8 Economic Impact Research – 2023. – URL: <https://wtcc.org/research/economic-impact>.

9 География Павлодарской области. – URL: <https://visitkazakhstan.kz>.

10 Об утверждении карты туристификации : [Приказ Министра культуры и спорта Республики Казахстан от 27 октября 2021 года № 332]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100024950>.

11 Туристские дестинации Павлодарской области. – URL: <http://surl.li/qqqdt>.

12 Ұлттық статистика бюросының мәліметтері. – URL: <https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-tourism/>.

13 ҚР Премьер-Министрінің ресми ақпараттық ресурсы: Дорожные карты по развитию ТОП-20 приоритетных туристских территорий утвердят в РК. – URL: <http://surl.li/qqqed>.

14 Баянауыл курорттық аймағы жоба. – URL: <http://surl.li/qqqdz>.

15 Баймбетова А.Б., Дулатбекова Ж.А., Садыков Ж.А. Туризм саласындағы туристік кәсіпорындар қызметін қолдау шараларын жетілдіру. // ҚазЭҚХСУ Жаршысы –2024. (2). – Б. 74–81. – doi 10.52260/2304-7216.2024.2(55).9

## REFERENCES

- 1 UNWTO World Tourism Barometer and Statistical Annex – 2023. – URL: <https://www.e-unwto.org/doi/abs/10.18111/wtobarometereng.2023.21.1.2?role=tab&journalCode=wtobarometereng>
- 2 Kutyashova E.V. Faktory, vlijashie na visokie tempy razvitiya turizm: sbornik statei mejdunarodnogo professionalno-issledovatel'skogo konkursa [Factors influencing high rates of tourism development: collection of articles from an international professional research competition] // Economist of the Year magazine, –2020. –P. 175–184 [in Russian]
- 3 Dosaliyev U.K., Urazbaeva G.Zh., Abishova A.U., Utemisova G.T. Razvitiye industrii gostepriimstvo kak odnogo iz prioritetnykh napravlenii razvitiya turizma v Kazakistan [Development of the hospitality industry as one of the priority areas of tourism development in the Republic of Kazakhstan] // Economy of Central Asia. – 2017. – Volume 1.– № 2. – Pp. 91–100. – doi: 10.18334/asia.1.2.38228 [in Russian]
- 4 Petrenko E.S., Dauletova A.M., Mazhitova S.K., Shabaltina L.V. Analiz mer gosudarstvennoi podderjki po razvitiyu turizma v Respublike Kazakistan [Analysis of government support measures for tourism development in the Republic of Kazakhstan] // Economic relations. – 2019. – Volume 9. – № 4. – Pp. 2677–2692. – doi: 10.18334/eo.9.4.41427 [in Russian]
- 5 Yakovchuk A.A. Osenka effektivnosti regionalnoi politiki v sfere turizma [Evaluation of the effectiveness of regional policy in the field of tourism] // Economic relations. – 2019. – Volume 9. – № 4. – Pp. 3103–3114. – doi: 10.18334/eo.9.4.41232 [in Russian]
- 6 Dagman S. Konseptualnie podxody k ustoyimovomu turizmu na osnove ispolzovaniya integralnykh metodov marketinga [Conceptual approaches to sustainable tourism based on the use of integrated marketing methods] // Economic relations. – 2019. – Volume 9. – № 4. – Pp. 3115–3128. – doi: 10.18334/eo.9.4.41297 [in Russian]
7. Kuznetsova O.P., Kosmin A.D., Kuzmenko A.A., Kuznetsov V.V., Kuznetsova S.V., Samokhvalova O.M. Turizm kak draiver socialno-ekonomicheskogo i sociokulturnogo razvitiya strany [Tourism as a driver of socio-economic and socio-cultural development of the country] // Economic relations. – 2019. – Volume 9. – № 3. – Pp. 2165–2178. – doi: 10.18334/eo.9.3.40705 [in Russian]
- 8 Economic Impact Research. – 2023. – URL: <https://wttc.org/research/economic-impact>.
- 9 Geografija Pavlodarskoj oblasti [Geography of Pavlodar region]. – URL: <https://visitkazakhstan.kz> [in Russian]
- 10 Ob utverzhdenii karty turistifikacii. Prikaz Ministra kul'tury i sporta Respubliki Kazahstan ot 27 oktjabrja 2021 goda № 332. [On approval of the map of touristification. Order of the Minister of Culture and Sports of the Republic of Kazakhstan from October 27, 2021 № 332.]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100024950> [in Russian]
- 11 Turistskie destinacii Pavlodarskoj oblasti [Tourist destinations of Pavlodar region]. – URL: <http://surl.li/qqoqdt> [in Russian]
- 12 Últtyq statistika bürosynyñ málimetteri [Data from the National Bureau of Statistics]. – URL: <https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-tourism/> [in Kazakh]
- 13 QR Premer-Ministriniñ resmi aqparattyq resursy: Dorojnye karty po razvitiyu TOP-20 prioritetnyh turistskih teritori utverdät v RK [Official information resource of the Prime Minister of the Republic of Kazakhstan: Roadmaps for the development of TOP-20 priority tourist territories will be approved in the RK]. – URL: <http://surl.li/qqoqed> [in Kazakh]
- 14 Baianauyl kurorttyq aimaǵy joba [Bayanaul resort area project]. – URL: <http://surl.li/qqoqdz> [in Kazakh]
- 15 Baimbetova A.B., Dulatbekova Zh.A., Sadykov Zh.A. Turizm salasyndagi turistik rasiporindar kyzmetin koldau sharalaryn getildiru [Improving measures to support the activities of tourism enterprises in the field of tourism] // Vestnik Kazahskogo universiteta jekonomiki, finansov i mezhdunarodnoj trgovli. –2024 (2). –S. 74–81. – doi 10.52260/2304-7216.2024.2(55).9 [in Kazakh]



Есім А.Қ., Шохан Р., Тукибаева Қ.Б., Есимова Д.Д.

## ВОЗМОЖНОСТЕЙ РАЗВИТИЯ ТУРИЗМА В ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ

### Аннотация

В статье проанализировано современное состояние туристической отрасли Павлодарской области, оценены возможности дальнейшего развития отрасли. Сектор туризма является одним из наиболее важных секторов с социально-экономической точки зрения. Сегодня индустрия туризма занимает важное место в экономике развитых и развивающихся стран. Это связано с тем, что в соответствии с требованиями текущей диверсификации экономики приоритет отдается развитию рынка услуг в целях обеспечения экономического роста государства. Наличие туристско-рекреационных ресурсов, необходимых для развития туристической отрасли в Республике Казахстан, приоритет, отдаваемый государством развитию этой отрасли, показывают важность туристической отрасли. Развитие туристического сектора влияет на занятость населения, развитие малого и среднего бизнеса, создание новых рабочих мест и формирование дополнительного источника дохода. В статье рассмотрены работы отечественных и зарубежных авторов с использованием библиографического метода, использованы сравнительный анализ, методы экономико-статистического анализа, метод обобщения.

В статье рассмотрены показатели туристической отрасли Павлодарской области, показатели внутреннего туризма и въездного туризма, показатели развития туризма в курортной зоне Баянаула, показатели гостиничных предприятий, темпы изменения услуг по организации спортивно-оздоровительного отдыха в г. Проанализированы 2019-2023 годы и сделаны выводы. Предусмотрен комплекс физико-географических, социально-экономических и культурно-исторических факторов для организации и развития туристической деятельности в регионе. Кроме того, представлены возможности развития приоритетных туристских направлений Павлодарской области, указанных в концепции развития туризма на 2023-2029 годы.

Yessim A., Shokhan R., Tukibaeva K., Yessimova D.

## POSSIBILITIES OF TOURISM DEVELOPMENT IN PAVLODAR REGION

### Annotation

In the article, the current state of the tourism industry of Pavlodar region was analyzed, and the opportunities for further development of the industry were assessed. The tourism sector is one of the most important sectors from the socio-economic point of view. Today, the tourism industry occupies an important place in the economy of developed and developing countries. This is because, in accordance with the requirements of the current economic diversification, priority is given to the development of the service market in order to ensure the economic growth of the state. The availability of tourist and recreational resources necessary for the development of the tourism industry in the Republic of Kazakhstan, the priority given by the state to the development of this industry, show the importance of the tourism industry. The development of the tourism sector affects employment, development of small and medium-sized enterprises, creation of new jobs and formation of an additional source of income. The article reviews the works of domestic and foreign authors using the bibliographic method, and uses comparative analysis, economic and statistical analysis, and generalization methods.

In the article, indicators of the tourism industry in Pavlodar region, indicators of domestic tourism and inbound tourism, indicators of tourism development in the resort area of Bayanaul, indicators of hotel enterprises, the rate of change of sports and recreation organization services in 2019-2023 were analyzed and conclusions were made. A set of physical-geographical, socio-economic and cultural-historical factors is provided for the organization and development of tourism activities in the region. In addition, the possibilities of development of priority tourist destinations in Pavlodar region indicated in the concept of tourism development for 2023-2029 are presented.

